

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<Тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс берушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы бір жағынан және <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің толық атауы> бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қоюға негіз болатын құқық белгілейтін құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің қол қоюшысының лауазымы мен ТАӘ> арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 1) тармақшасына және тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> сатып алу қорытындысы туралы <хаттаманың бекітілген күні> хаттамаға сәйкес осы шартты (бұдан әрі – Шарт) мына төмендегілер жайында жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі – Қызмет) сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастырды және <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) сомасына Жеткізушінің тендерлік өтінімін қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және ақысын төлейді, ал Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызмет көрсету бойынша міндеттеме алады.

1.3. Осы Шарттағы төменде аталған ұғымдардың мынадай түсініктемелері бар:

- 1) Шарт – Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық іс-әрекеттерін орындау үшін қызмет көрсету туралы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт;
- 2) Қызметтер – Тапсырыс берушінің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, заттық мәні жоқ Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген іс-әрекет;
- 3) Объект – Тапсырыс берушінің әкімшілік ғимараты, паркинг пен үй-жайларын, сондай-ақ аумақта орналасқан мүлік, тауарлық-материалдық құндылықтар (автомобильдер, арнайы техника, техникалық құрал-жабдықтар және т.б.) қоса алғанда, күзетілетін аумақ (автокөліктің кіру/шығу жолы).

1.4. Қызметтерді Жеткізуші өз материалдарын және жабдықтарын пайдаланумен, өз күштерімен және құралдарымен көрсетеді.

1.5. Көрсетілетін Қызметтердің техникалық ерекше сипаттамасы Шарттың 2-қосымшасында (бұдан әрі – 2-қосымша) көрсетілген.

1.6. Күзет орындарының саны және тарифтер Шарттың 3-қосымшасында (бұдан әрі – 3-қосымша) көрсетілген.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС сомасын қосқанда> _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) (бұдан әрі – Шарттың жалпы сомасы) болады, _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құнынан <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасынан тұрады> (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады). Шарттың жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баж салықтары мен өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығысы кіреді.

2.2. Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы Шарт бойынша ақы төлейді:

- Жеткізушіден белгіленген тәртіпте рәсімделген электронды шот-фактураларды және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған көрсетілген Қызмет актіні (бұдан әрі – Акт) алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде Қызметті тиісінше көрсету фактісі бойынша ай сайын;
- төлем Жеткізуші тиісті түрде рәсімделген электронды шот-фактураларды, Актіні және талдама мен Орындалған жұмыс актісін берген кезде жүргізіледі;
- электронды шот-фактуралар және Акт тиісті түрде рәсімделмей берілген кезде, оның ішінде дұрыс емес деректемелер көрсетілсе, Тапсырыс беруші оларды төлеместен қайтарып береді және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электронды шот-фактураларды және Актіні берген сәттен бастап есептеледі. Бұл жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге уақтылы ақы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын салуға құқығы жоқ.

2.3. Барлық салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баж салықтарына және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін осы сияқты өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы салынуға тиіс (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші түпкілікті табыс алушы болса және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеу кезінде салық салудан

босатуды немесе тиісті халықаралық шартта көзделген салықтың төмендетілген мөлшерлемесін дербес қолдануға құқылы (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы көздерден алатын табысына қатысты қолданылады (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Салық салудан босату немесе салықтың төмендетілген мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде халықаралық шартты қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлері көрсетіле отырып, құрылтай құжаттарының нотариатта куәландырылған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де осыған ұқсас құжаттан) үзінді-көшірмені ұсынған жағдайда ғана рұқсат етіледі (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі құрылған жағдайда Жеткізушінің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде бейрезиденттің тіркелуін растайтын құжатты ұсыну талабымен Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамай Жеткізушіге табыс сомасын төлейді (осы тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және Тапсырыс беруші оларды келесі <цифрмен> <(жазумен)> <күнтізбелік/жұмыс (керегін таңдау)> күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып қабылдайды.

2.11. Шартқа 3-қосымшада көзделген күзет орындарының саны өзгерген жағдайда, Шарт бойынша Қызметке ақы төлеу Тараптар қол қойған ай сайынғы Актілер негізінде жүзеге асырылады.

2.12. Күзет орнының белгіленген күзет санымен жасақталмаған не күзетшінің кезекшілік уақытын ұлғайту немесе күзетшінің жұмыс орнында уақытша болмауы есебінен жасақталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге осы ауысым үшін ақы төлемейді.

2.13. Шарттың жалпы сомасы Шартқа 3-қосымшада көрсетілген тарифтерге сәйкес, нақты көрсетілген Қызметтердің көлеміне байланысты азайтылуы мүмкін.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізуші көрсеткен Қызметті Шарт талаптарына сәйкес Акт негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажет құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес Қызметке ақы төлеуге міндеттенеді;
- 4) Объектіні күзетуге беруге;
- 5) Жеткізушіге Объектіде күрделі немесе ағымдық жөндеу, құрылыс өткізу туралы, сондай-ақ жүргізілетін іс-шаралардың салдарынан көрсетілетін Қызметтердің сипаты өзгеретін болса тиісті жұмыс басталғанға дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын хабарлауға;
- 6) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері соңғы Актіге қол қойған күннен бастап

және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Жеткізушіге қайтаруға;

7) Объектіні немесе жеке үй-жайларды (жеке үй-жайларды) күзетуден бас тартқан жағдайда, Жеткізушіні бұл туралы болжанған күнге дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей, мерзімінде жазбаша хабарландыруға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіден Шарт талаптарына сәйкес Қызметтің толық көлемде және мерзімде тиісінше көрсетілуін талап етуге;

2) көрсетілетін Қызметтің көрсетілу барысын, сапасын және көлемінің толықтығын бақылауға уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істелгендер, қателер (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартта белгіленген мерзімде оларды жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге жазбаша дәлелдемелі бас тарту жібере отырып, ішінара немесе толықтай ақы төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;

4) Шартта көзделген жағдайларда және тәртіппен кез келген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға;

5) Жеткізушіден Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және туындауына Жеткізушінің кінәсі жоқ объективті себептер болған кезде өзінің қалауы бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растайтын құжаттарды талап етуге;

7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген мерзімде және тәртіппен негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеу салдарынан Шарт бұзылса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда толық көлемде Қызмет көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсету барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) білікті мамандардың Қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс беруші Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында, ақауларды анықтаған жағдайда, оларды Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

- 6) Тапсырыс берушіден алынған жасырын ақпаратты Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан жария етпеуге және құпия сақтауға;
- 7) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 8) егер Жеткізуші Шартты орындау кезеңінде кез келген сәтте Шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші дереу Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 9) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен де, ішінара да ешкімге бермеуге (*қажет болғанда*);
- 10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 11) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың Жалпы сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге;
- 12) Объектіні күзетуге қабылдауға;
- 13) Объектілерді күзетке қабылдауға, Шарт бойынша Қызметтерді толық көлемді тиісті (жоғары) сапада, Шартта көзделген мерзімде және талаптарда көрсетуге және Тапсырыс берушіге Акт негізінде көрсетілген Қызметтерді тапсыруға;
- 14) Объектіде қылмыстың және басқа да заң бұзушылықтардың уақтылы (шұғыл) және сапалы алдын алуға және болдырмауға;
- 15) Объектіде белгіленген кіру рұқсаты тәртібін жүзеге асыруға;
- 16) Объектілерде тұтастығы мен амандығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық жауапкершілікте болуға;
- 17) Тапсырыс берушіге Объектілер тұтастығын бұзу фактілері және тәртіп бұзушылыққа қолданған шаралар мен тәртіп бұзушылықтарды болдырмау іс-шаралары туралы кешіктірмей хабарлауға;;
- 18) Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамағаны салдарынан Тапсырыс берушіге келтірген шығындарының толық көлемде орнын толтыруға;
- 19) Объектілерде белгіленген кезекшілік кезінде жыл маусымына және ауа райы жағдайларына сәйкес барлық күзет орындарында Жеткізуші қызметкерлерін бірыңғай және ұқыпты киімдерде болуын бақылауды қамтамасыз етуге;
- 20) көрсетілетін Қызметтердің азаюына қарай тарифтер өзгерген жағдайда, Тапсырыс берушіні олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күн бұрын Тапсырыс берушіні жазбаша хабарландыруға;
- 21) Шарт бойынша Қызмет көрсету кезінде Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін Тапсырыс беруші мүлкінің оқыстан бүлінуі немесе оқыстан зақымдалуы тәуекелін көтеруге;
- 22) Тапсырыс беруші пайдалануға берген техникалық құралдарды тиісті (таза және жұмысқа жарамды) жай-күйде ұстауға;
- 23) Шартты мерзімінен бұрын бұзған уақытта немесе Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, техникалық құралдарды Тапсырыс берушіге техникалық жай-күйі көрсетілген, қос Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған Актісі негізінде қайтарып беруге;
- 24) Тапсырыс берушіге зиян (шығын) келтірген жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні дереу хабарландыруға. Зиян құнына ұрланған, құртылған мүліктер немесе бүлінген мүліктер, сондай-ақ оны қалпына келтіруге байланысты шығыстар жатады. Жеткізушіден жоғалған мүлікті

қайтарып алған немесе тауып алған жағдайда, тиісті уәкілетті органдарға хабарлап, Тараптардың уәкілетті тұлғалары тиісті мүліктерді қабылдау-өткізу актісін жасайды;

25) көрсетілетін Қызметтердің барысын тексеру мен бақылауды жүзеге асыратын Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасына мыналарды ұсыну:

Жеткізушінің қызметкерлері үстінен бақылауды жүзеге асыратын Жеткізуші өкілдері Объектіні тексеру кестелерін (жоспардан тыс, күндізгі, түнгі) (аты-жөні мен қызметтерін көрсете отырып);

- Тапсырыс берушінің аумағында Жеткізушінің қызметкерлері Объектіні қарап шығу кестелерін (уақытын көрсете отырып);

- Шарттың 2- қосымшасының 3.11. тармағына сәйкес күзетшілердің бекітілген кестесі;

26) Шартқа қос тарап қол қойған күннен бастап жұмыс 5 (бес) күн ішінде күзету қызметін жүзеге асыруға нотариат куәландырған лицензияның көшірмесін ұсынуға;

27) Қызмет көрсету кезінде қажетті қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шараларды орындауды қамтамасыз етуге;

28) қауіп дабылдамасы баспа түймесі іске қосылғанда, Жеткізушінің шұғыл әрекет ететін тобының (ШӨТ) Объектіге дереу (10-15 минутта) жетуін қамтамасыз етуге;

29) Заңға қайшы әрекеттерді және апатты және төтенше жағдайлар туындауын болдырмау мақсатында, әр сағат/екі сағат сайын (Тапсырыс берушімен келісе отырып) күзетілетін аумақты қарап тексеруді жүзеге асыруға.

30) аймақтағы санитарлы-эпидемиологиялық ахуалға (масканың болуы және т.б.) сәйкес, уәкілетті орган талаптарын Жеткізуші қызметкерлерінің орындауын қамтамасыз етуге.

31) Қызмет көрсету кезінде Жеткізушінің қызметкерінің (күзетшінің) ішімдік, есірткі және басқа да уытты заттармен мас болу жағдайында жұмыста болуына, сондай-ақ кезекшілік кезінде алкогольді ішімдіктерді, есірткі және өзге де токсикоманиялық заттарды қабылдауға жол бермеуге;

32) біліктілік құжаттарының қолданылу мерзімі өткен жағдайда (техникалық ерекше сипаттамаға сәйкес) не алдын ала өз қаражаты есебінен оларды жаңартуға және оларды жаңартқан күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге беруге;

33) Шартқа 2-қосымшаның 2.3-тармағына сәйкес, білікті қызметкерлермен (күзетшілермен) Қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

34) Шарт жасаған күннен бастап 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушімен күзетшілердің қызметтік нұсқаулықтарын келісілуге және бекітуге;

35) Қызмет көрсету кезінде Жеткізушінің қызметкерлері (күзетшілер) кәсіби этиканы сақтауын қамтамасыз етуге, тұлғааралық жанжалды және қызметкерлер арасында физикалық күшті қолдануды болдырмауға;

36) Объектіден ауысым кестесіне сәйкес: 2 тәулік демалыстан кейін 1 тәулік кезекшілік күзетшілердің кезекшілігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызмет көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруіне рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін ақы алуға;

4) Объектілерді күзетуді тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету және жетілдіру, жақсарту бойынша Тапсырыс берушіге ұсыныстар беруге құқылы.

3.5. Тараптар Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі 2026 жылғы 13 қыркүйектен бастап - 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі аралығында.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 64.

5. КӨРСЕТИЛГЕН ҚЫЗМЕТТІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші Шартта көзделген Қызметті көрсеткеннен кейін есептік айдан кейінгі айдың 5 (бесі) күніне дейін ай сайын Актіні қол қою үшін жібереді.

5.2. Тапсырыс берушіде Жеткізушімен көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулер мен келіспеушіліктер болмаған жағдайда, қос Тарап Актіге қол қояды.

5.3. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулері немесе келіспеушіліктері болған жағдайда, көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан жазбаша түрде дәлелдемелі бас тарту жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушінің бұл туралы хабарлаған күнінен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптар Актіге қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауап береді.

6.2. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өз құқықтарына нұқсан келтірмей, Жеткізушіден өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда, Актіге қол қою күнін қоса алғанда, әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін Шарт бойынша орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасының (Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болғанда - кемінде 1%, Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тан жоғары болса - кемінде 0,5%) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтер ішіндегі ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда, оның ішінде кепілдік мерзімінде - ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды.

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жоюдан бас тартқан/мүмкін болмаған жағдайда - Шарттың Жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл;

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, жасырын ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған жасырын ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды Жеткізушінің өтеуін талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге әрбір кешіктірілген жұмыс күні үшін төлемге жататын соманың 0,1%-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы), бірақ Шарттың Жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) артық емес мөлшерінде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші төлемді жүзеге асыру кезінде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың, айыппұлдың) сомасын дербес ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы не болмаса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Шартта көзделген мерзімдегі және тәртіптегі негіздер бойынша төлемеу салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде бермеген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге толық енгізілмеген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 1%-ы (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілмеген не уақтылы енгізілмеген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу өтінімін қамтамасыз ету сомасын қайтармайды.

6.11. Күзету режимін операциялық бұзғаны үшін айыппұл санкциялар әрбір факт үшін (әрбір бұзушылық үшін) мынадай көлемде:

1) Постқа күзету қызметкерін ұсынбаған, Жеткізуші қызметкері күзету постын өз еркімен қалдырғаны немесе жұмыс орнында постта тұрғатын болмау факті үшін — әрбір факт/әрбір ауысым үшін 50 000 (елу мың) теңге көлемдегі айыппұлды төлейді;

2) күзету қызметкердің постта мас, нашар немесе басқа да токсикалық мас болу факті үшін — әрбір факті үшін дерек қызметкерді кезекшіліктен шегере отырып 150 000 (жүз елу мың) теңге көлемдегі айыппұлды төлейді;

3) кезекшілік жағасан уақытында күзету қызметкердің постта ұйықтау факті үшін — әрбір анықталған факт үшін 30 000 (отыз мың) теңге көлемдегі айыппұлды төлейді;

4) күзету қызметкерде белгіленген киім формасы болмаған, жағымсыз сыртқы келбет немесе үшін арнайы құрылғылардың болмауы факті үшін — әрбір факт үшін 20 000 (жиырма мың) теңге көлемдегі айыппұлды төлейді;

5) дереу әрекет ету мобильді топтың (ДӨТ) нормативті орындамау факті үшін (КТС қосылған сәттен бастап 15 минуттан астам) — әрбір жағдай үшін 100 000 (жүз мың) теңге көлемінде айыппұлды төлейді;

6) аты-жөні тізліп көрсетілген тізім кестесін, кезекшілік тізім кестесін немесе қызметтік нұсқаулықтарды беру кестесін бұзғаны үшін — әрбір кешіктірілген үн үшін 20 000 (жиырма мың) теңге көлемінде айыппұлды төлейді;

7) күзету қызметкерлері Объектіні санкцияланбаған фото- және бейне түсірілім, сондай-ақ ол туралы ақпаратты жариялаған үшін әрбір факт үшін — 150 000 (жүз елу мың) теңге көлемінде айыппұлды төлейді.

Бұзушылықтарды Тапсырыс берушінің өкілдері бұзушылықтар туралы біржақты немесе екі жақты Актін жасау арқылы анықтауды жүзеге асырады. Жеткізушінің өкілі Тапсырыс беруші біржақты тәртінде жасаған бұзушылық туралы Актіге қол қойудан бас тартқан жағдайда, толық заңды күшіне ие болады және айыппұлды есептеу үшін сөзсіз негізі болып табылады.

7. ЖАСЫРЫНДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарының және ұсынушы Тарап жасырын ретінде белгілеген барлық ақпаратты (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты) екінші Тарап көрсетілген ақпаратты ұсынатын Тараптың жазбаша рұқсатынсыз, ешқандай үшінші тарапқа:

1) Шартты орындау үшін Жеткізуші тартқан қызметкерге ұсыну жағдайын қоспағанда, жария ете алмайтынын мойындайды. Көрсетілген ақпарат аталған қызметкерге жасырын түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

2) мұндай жария ету заңнамада ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратулары негізінде жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, жария етілмейтінін мойындайды.

7.2. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбайды.

7.3. Жасырын ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) *(тартылған жағдайда)* жария еткен жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ФОРС-МАЖОР)

8.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер ол Тараптар алдын ала болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи зілзалалар, экологиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдердің басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған кезеңге жылжытылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, басталғаны және тоқтағаны туралы дереу екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлайды, сондай-ақ тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер дәлелдеуді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, содан кейін Тараптардың ешқайсысының басқа Тараптан қандай да бір зиянның өтемін талап етуге құқығы болмайды.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды оның қаншалықты қиынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген жағдайларға байланысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ШАРТТЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

(бұл бөлім Шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап болған кезде қолданылады)

9.1. Жеткізуші Шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасынан 3 % (үш пайызы) мөлшерде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді:

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша түрінде енгізеді.

- 1) Тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;
- 2) банк кепілдігі немесе Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат түріндегі банк кепілдігі;
- 3) электрондық әмиянға орналастырылған ақша.

9.2. Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті адамдары Актіге қол қойған және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Жеткізушіге енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

9.3. Егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы не Шартта көзделген негіздер бойынша, мерзімде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей салдарынан Шарт бұзылса, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажет шараны қолдануға міндетті.

10.2. Егер Тараптар келісімге келмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

11. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

11.1. Тараптардың орналасқан жері және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

11.2. Шарттың 11.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және Тараптар оған қол қояды.

11.3. Тапсырыс беруші:

- 1) Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушының) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлем жасауға қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты

тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда Шарт дереу бұзылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік көтермейді;

5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер мөлшеріндегі соманы қайтарады және Шарттың 6-бөлімінде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді;

6) Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда Шартты кез келген кезеңде біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.4. Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді, ол аяқталғаннан кейін Шарт бұзылды деп есептеледі. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуі тиіс.

12. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАПТАРЫ

12.1. Шарт қос Тарап оған қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың 2026 жылғы 13 қыркүйектен басталған қарым-қатынастарға қатысты және 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады, ал төлем жасву және шығындарды (шығыстарды) өтеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бөлігіндегі Тараптардың өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

13. ШАРТ ТІЛІ

13.1. Шарт екі данасы қазақ тілде және екі данасы орыс тілінде заңдық күші бірдей, төрт дана етіп жасалды.

14. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

14.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) оның ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

14.2. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы >
<Тапсырыс берушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы >
<Тапсырыс берушінің ЖСК >
<банктің атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс берушінің атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізушінің орналасқан жерінің заңды мекенжайы>
<Жеткізушінің орналасқан жерінің нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банктің атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізушінің атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.П. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

Портал закупок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее - Услуги) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге ____ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство по оказанию Услуг в срок и на условиях, предусмотренных Договором и Технической спецификацией.

